

ЖШС «Балапан» бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңес
хаттамалары
2024-2025ж

**ЖШС «Балапан» бөбекжай бала- бақшасының
Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттама №1**

06.09.2025ж

Хаттама №1

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы)
2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.
3. «Алтын күз» мерекесінің сценарийін бекіту.
4. Балабақша күн тәртібінің орындалуы

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі: Нысанова.Б.С барлық топтардың оқу жылына дайындығын тексеріп шықты.

«Солнышко» тобының тәрбиешісі: Жувашева.Д әр топта көрнекі құралдар бала санына сай түгелденген. Топта ата- аналар бұрышы, табиғат бұрышы бар екенін атап өтті.

«Балдәурен» тобының тәрбиешілері: Қошқар Л. ойыншықтары жеткілікті. Топта ата – аналар бұрышы, табиғат бұрышы бар. Балаларға сабақ барысында қолданылатын үлестірмелі көрнекіліктер түрлі материалдар бар.

«Балбөбек» тобының тәрбиешілері: Уткелбаева.Д, Мауленова.П топта ойыншықтар толық жеткілікті. Топ зоналарға бөлінген. Көрнекі құралдар мен үлестірмелі материалдар білім салаларына сай дайындалған.

2. мәселе ата-аналармен жұмыс топтардағы ата-аналар жиналысы өткізілуі жайында айтылды. Барлық топта ата-аналар жиналысы екі рет болады, оқу жылы басталған кезде және сонымен қатар оқу жылының соңында болады. Жиын ата-аналардың балабақшаға жиналыстарға келуі себебтерін айтты. Ата-аналармен түрлісайстар ұйымдастыру және қарым қатынастар іске асыруын көбірек балабақшада ұйымдастырып және сонымен қатар ата-анамен қолдан қолөнер бұйымдар, шығармашылықтан суреттер салынып ата-аналар арасында жарыстар

ұйымдастыру. Сонда ата-анамен тығыз байланыста болады. Тексерілген жүргізу қортындысы бойынша ата-аналармен жұмыс бар екендігі әлі де болса одан әрі қарай жұмысты жандандыру керек екендігін айтты.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі балабақшада ұйымдастырылып отырған «Алтын күз» мерекелігінің сценаріімен танысты.

Алтын күз мерекесінің талапқа сай барлық топтарда ұйымдастырылып, тақырыпқа, баланың жас ерекшелігіне сай етіп ұйымдастыру талап етілді.

Тәрбиеші:

- «Алтын күз» ертеңгілігінің сценаріі жасалынды. Музыка жетекшісімен бірлесе отырып, балалардың билері, өлеңдері, тапқартары қайталанып, сұралды. Балалардың билерге сәйкес киетін киімдері туралы айтылды. Тәрбиешілер:
- Мерекелікке дайындығымыз жақсы, толықтай дайынбыз десекте болады. Музыка жетекшісі көмегімен балаларымыз әнге, биге қызығушылықтары жоғары. Мерекелік кейіпкерлері ,яғни Алтын күз, сиқыршы секілді кейіпкерлер өз рөлдерін жаттап, сценарий бойынша дайындық жұмыстары жүргізуде.

4. Балабақша меңгерушісі: Нысанова.Б.С балабақша күн тәртібін тоқталып өтті.

- Балабақшада оқу-тәрбие жоспарының іске асуы күн- тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. «Өмірде қымбат нәрсе бар ма адамда, жұмсасаң өлмес дәрі, қасиетті өмірдің білу керек, басында миы, бетінде ары болса»- деп Шәкәрім ақын жырлағандай, біздің бүлдіршіндеріміздің уақытын бос өткізбей, тиімді қолдануымыз қажет.

Тәрбиешілер:

- Балабақшада күн тәртібінің орындалуын талапқа сай. Таңертең балаларды қабылдау, таңғы жаттығу, таңғы ас, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, түскі ас, ұйқы, бесін ас, күннің екінші жартысындағы оқу-тәрбие жұмыстары, баланы үйге қайтару өз дәрежесінде өткізіліп, қатаң бақылануда.

Қаулы етеді:


- 1.Барлық топта оқу білім беру жүйесі жасалсын.Педагогтар балаларға ойын түрінде оқу білім процесін жүргізсін.
2. «Алтын күз» мерекесінің сценариін бекітілсін
- 3.Мерекеліктің өз деңгейінде өткізу музыка жетекшісі мен тәрбиешілерге жүктелінсін.
4. Балабақша күн тәртібінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Жиналыс төрағасы:



Нысанова.Б.С

Хатшы:



Алимкулов.Е.Р

**ЖШС «Балапан» бөбекжай бала- бақшасының
Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттама №2**

14.11.2024 ж

Күн тәртібінде:

- 1.Күн тәртібінің орындалуы, бақылау жұмысының қорытындысы.
2. «Топтардың санитарлық жағдайы» жедел тексеру қорытындысы .

Медбике: Раджаева.Б.А

3. Жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу. Меңгерушісі: Нысанова.Б.С

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі балабақшаның күн тәртібіне тоқталды.- «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана психологиясы қалыптасқан имандылық әдебі , парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу барша халықтың міндеті»-деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, 21 ғасыр –білімділер ғасыры болатындықтан,бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі,ой-өрісі жоғары ұрпақ қалыптастыру мемелекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті.Балабақшада оқу-тәрбие жоспарының іске асуы-күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. «Өмірде қымбат нәрсе бар ма адамда,жұмсасаң өлмес дәрі, қасиетті өмірдің білу керек, басында миы, бетіндеары болса»- деп Шәкәрім ақын жырлағандай , біздіңбүлдіршіндеріміздің уақытын бос өткізбей, тиімді қолдануымыз қажет.

Тәрбиешілер: Мауленова.П,Хасанова.М

- Балабақшада күн тәртібінің орындалуын талапқа сай . Таңертең балаларды қабылдау, таңғы жаттығу, таңғы ас, ұйымдастырылған іс қызметі,серуен,түскі ас, ұйқы, бесін ас, күннің екінші жартысындағы оқу-тәрбие жұмыстары, баланы үйге қайтару өз дәрежесінде өткізіліп, қатаң бақылануда екендігін жеткізді.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Нысанова.Б.С топтардағы санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуы жөнінде сөз етті.

-Бақшаға баратын балалардың жеке пайдаланатын заттары болуы тиіс. Мұның үлкен гигиеналық маңызы бар. Өйткені ол балалар арасындағы жұқпалы ауруларды болдырмауға бағытталған профилактикалық шара болып табылады. Әрбір сәбидің шкафы,төсек орны кереуеті, түбегі,сүлгі, салфеткасы,тарағы болуы қажет. Бала өзінің заттарын пайдалануы үшін ол баланың заттарын бірыңғай суреттермен белгілеп қойылады.

2.Медбике: Раджаева.Б.А

- Балабақшада мәдени-гигиеналық дағдылар дұрыс жолға қойылса, бала қолды дұрыс жууға ,құрғатып сүртуге,өз бетімен сүлгісін алып, қайта ілуге, таза және ұқыпты тамақтануға, қасық,кесе және оларды орынды қолдануға және кезінде аузын

жауып жеуге үйренеді.

Сонымен қатар топтың тазалығы, топты жиі желдету, санитарлық гигиеналық нормаларды қатаң сақтау сияқты жұмыстар өз уақытында жасалынып отыр.

Медбике: Раджаева.Б топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормаларының орындалуы туралы анықтама берді. Анықтау барысында

Барлық тобтар таза жуылған. Дәретхананы жинап- тазалауға арналған жинау шүберектер таңбасы белгіленген. Тобтардың жуу және дезинфекциялау құралдары және олардың жұмыс ерітінділері балалардың қолы жетпейтін жерде сақталған. санитарлық жағдай «өте жоғары» деңгейде сақталғандығы анықталды.

3.Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Нысанова.Б.С жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу жасады. Балалардың жан жақты дамуына балаларға арналған ертегілер, жұмбақтар, суретті ертегілер, сюжетті әңгімелер жинақтары алынды. Күн тәртібі, ұйымдастырылған іс әрекеттер барысында балалардың ойлау қабілеттерін, ой-өрістерін дамыту мақсатында осы әдебиеттер көптеп пайдалану ұсынылды.

Қаулы етеді:

1.Күн тәртібінің орындалуы, бақылау жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

2.«Топтардың санитарлық жағдайы» жедел тексеру қорытындысы өз деңгейінде деп танылсын. Топтардың тазалығын одан әрі қадағалау медбике : Раджаева Б.С жүктелінсін.


3.Жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу жасалынсын.Күн тәртібі, ұйымдастырылған іс әрекеттер барысында осы әдебиеттер көптеп пайдалану тәрбиешілерге тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы:



Нысанова.Б.С

Хатшы:



Алимкулов Е.Р

**ЖШС «Балапан» бөбекжай бала-бақшасының
Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттама №3**

11.12.2024ж

Күн тәртібінде:

1.Қыс мезгілінде өткізілетін ойын-сауықтар жоспарын бекіту және талдау.

Меңгерушісі: Нысанова.Б.С

2.Салыстырмалы бақылау қорытындысы: балалардың сөйлеуді дамыту бағдарлама материалдарын меңгеруі (қайталап айтып беру, әңгіме құрау)

3.Балалардың денсаулығы, бақшаға қатынасуы жөнінде мәлімет .

Медбике: Раджаева.Б.С

Тыңдалды:

1 Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: балабақшада қыс мезгілінде өткізілетін ойын-сауықтар жоспарын талдап, бекітуді ұсынды.

Меңгеруші: Нысанова.Б.С

-Балабақшада аталып өтетін желтоқсан айында ойын-сауықтарға келер болсақ-«Үй құстары», құстар ойындар», «Құс ғажайыптары» тақырыбындағы түрлі ойын-сауықтар жоспарлануда. Аталған ертеңгіліктер өз дәрежесінде өтілді, сценарийлері бекітіліп, талдау жасалынды. Ендігі кезекте әр топқа тапсырылған ойын-ертегілер бекітіліп жоғары деңгейде ұйымдастыру – депөз сөзін аяқтады.

Тәрбиешілер : Бердибекова.Н,Едигеева.А

- «Радуга» тобына берілген «Үй құстары» тақырыбындағы ойынертегісінің жоспары дайын. Балалармен дайындық жұмыстары жасалынуда.

Ұйымдастырудағы мақсатым балаларды қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, қысқы ойын түрлерімен таныстыру, балалардың қызығушылығын ояту.

2.Екінші мәселе бойынша меңгерушісі: Нысанова.Б балалардың сөйлеуді дамыту бағдарлама материалдарын меңгеруі бойынша салыстырмалы бақылаудың нәтижесін жариялады.

-К.Д. Ушинский туған сөз – барлық психикалық дамытудың негізгі және барлық бөлімнің қазынасы деген. Баланың сөйлеуді дер кезінде және дұрыс меңгеруі толыққанды психикалық дамуының ең маңызды шарты.

Қазіргі таңда шешілген жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуға қойылатын талаптар артты. Балалар сөйлеу әрекетінің, сөздік қордың, сөйлеудің грамматикалық құрылымының белгілі бір деңгейіне жетті. Біз балаларды дұрыс сөйлетіп ғана қоймай, қайталап айту, әңгіме құрау секілді дүниелерді қалыптастыруымыз қажет.

Тәрбиешілер: УткелбаеваД, Жангирова.Г

-Өз тобында жұмысымды заманауи технологияларды қолданамын, мысалы
-мнемотехника арқылы қайталауға үйрету;
шығармашылық әңгімелеу(ертегі құрастыру, әңгіме құрастыру)

-Ертегі терапиясы және т.б.Бұл топтағы жастағы балалар сөйлеуді дамытуда айтарлықтай жоғарғы деңгейге жетеді. Олар өз ана тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс айтады,еркін сөйлесуге қажетті сөздік қорлары бар, көптеген грамматикалық формалар мен категорияларды дұрыс қолдана алады. (Салыстырмалы бақылау нәтижелері қоса тіркелді)

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі: Раджаева.Б балабақшада балалардың денсаулығы, балабақшаға қатынасуы жөнінде мәлімет жасады.

Медбике:Раджаева.Б

-Жалпы біз балабақшада балалардың денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырамыз. Мысалы: шынықтыру шаралары, күннің I, II жартысындағы серуен, таңертеңгілік жаттығу, ұйқыдан кейінгі әрекеттер. Қазіргі таңда балалардың денсаулығы қалыпты. Таңертең балаларды таңертеңгілік сүзгіден өткіземіз. Дене қызуы, жеке бас гигиенасы талапқа сай жүргізіледі. Ауырған жағдайда ата-ананы хабардар етіп, алғашқы көмек көрсетіліп, үйге қайтарылады. Балалардың қатынасуы 99% құрайды.

Қаулы

1.Қыс мезгілінде өткізілетін ойын-сауықтардың жоспары бекітілсін.

Қыс ермектерді ұйымдастыру, талапқа сай ұйымдастыру тәрбиешілерден сұралсын.

2.Салыстырмалы бақылау нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

Балалардың сөйлеуін дамыту, бағдарлама материалдарын меңгеруінталапқа сай ұйымдастыру тәрбиешілерге жүктелінсін.

Балалардыңденсаулығын, бақшаға қатынасуы жөнінде мәлімет өздеңгейінде деп есептелінсін.

3.Балалар денсаулығын қадағалау, шынықтыру шараларын көптеп ұйымдастыру медбикеге тапсырылсын.


Қадағалауды өз құзырыма қалдырамын

Балабақша меңгерушісі:



Нысанова.Б.С

Хатшы:



Алимкулов.Е.Р

**ЖШС «Балапан» бөбекжай бала-бақшасының
Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттама №4**

14.02.2025ж

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Күннің I жартысындағы күн тәртібін ұйымдастыру»
жеделбақылау тексерудің қорытындылары
3. Тәрбиешілердің өзіндік шығармашылық есебі жайлы өсуі

1. Бірінші мәселе бойынша Балабақшада күн тәртібіне сәйкес жұмыс жүргізілді. Әр топта гигиеналық талаптар медбике тарапынан қадағаланып, жұмыс жүргізілуде. Гигиеналық талаптарды сақтауға қажетті құралдар уақытылы жеткізіліп жұмыс жасалуда.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі: Раджаева.Б сөз алды. Ол өз сөзінде күн тәртібі- мектепке дейінгі білім беру мекемесінде әр жас тобында режимдік сәттерді ұйымдастыру бойынша жобаны әзірлеу үшін нормативтік негіз болып табылады. Күн тәртібінде тәрбиешімен бірге және балалардың режимдік сәттерде де, олардың арасында да дербес қызметін ұйымдастыру көзделеді. Балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін ұйымдастырудың вариативтілігі режимдік сәттердің әрқайсысында өте жоғары. Іс-әрекетті таңдау балалардың жасына, олардың мүдделеріне, маусымдылығына, оқиғаларына және т.б. байланысты, күн тәртібінде әр түрлі балалар іс-әрекетін ұйымдастыру жоспарына сүйене отырып, тәрбиешілер балалар іс-әрекетінің түрлерін, оларды ұйымдастыру нысандарын, әдістері мен тәсілдерін анықтайды. Мектепке дейінгі мекемеде ересек топ балаларымен I- күннің жартысын өткізудің ұйымдастырылуы

Күн тәртібі- мектепке дейінгі білім беру мекемесінде әр жас тобында режимдік сәттерді ұйымдастыру бойынша жобаны әзірлеу үшін нормативтік негіз болып табылады. Күн тәртібінде тәрбиешімен бірге және балалардың режимдік сәттерде де, олардың арасында да дербес қызметін ұйымдастыру көзделеді.

Балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін ұйымдастырудың вариативтілігі режимдік сәттердің әрқайсысында өте жоғары. Іс-әрекетті таңдау балалардың жасына, олардың мүдделеріне, маусымдылығына, оқиғаларына және т.б. байланысты, күн тәртібінде әр түрлі балалар іс-әрекетін ұйымдастыру жоспарына сүйене отырып, тәрбиешілер балалар іс-әрекетінің түрлерін, оларды ұйымдастыру нысандарын, әдістері мен тәсілдерін анықтайды.

Режимдік сәттер:

1. Балаларды қабылдау
2. Таңғы жаттығу.
3. Таңғы асқа дайындық
4. Таңғы ас
5. ҰОІ-іне дайындық.

6. Серуенге дайындық, серуендеу
7. Түскі асқа дайындық, түскі ас.
8. Балалардың ұйықтауын ұйымдастыру.
9. Балаларды ұйқыдан ояту және шынықтыру процедураларын ұйымдастыру.
- 10.Бесін асқа дайындық, Бесін
- ас.10.Балалармен жеке жұмыс
- 11.2 серуенге дайындық, серуендеу.
- 12.Үйге кету.

Тәрбиеші жұмыс күні 15 минут бұрын келіп топты медбике 30 минут кварцтайды.

1. Процедура басталар алдында бөлме барлық тірі, оның ішінде бөлме өсімдіктерінен босатылады.
2. Кварцтеуге жауапты медбике Раджаева.Б шамды қосып, өңделетін бөлмеден мүмкіндігінше тезірек кетеді..

БҚҚ-да желдету кестесінің және кварцтау кестесінің түпнұсқасын, процедураларды өткізу күні, уақыты және тәртібі туралы жазбалар жүргізілетін желдету және кварцтау журналымен бірге топтық папкада сақталады. Журналды толтыру кезінде әрбір жазбаның астында жауапты тәрбиешінің аты-жөні көрсетіліп, қол қойылады.

Маусымдық авитаминоз, тұмау індеті жағдайында, бір тәрбиеленушіні жұқтыру топтағы басқа балалар арасында балабақшада вирустың тез таралуына әкелуі мүмкін, үй-жайларды кварц шамымен өңдеу өте қажет. Кварц процедурасы аяқталған соң топта **желдету жұмыстарын** ұйымдастырады.

3.Үшінші мәселе бойынша сөзді ересектер тобының тәрбиешісі:

Едигеева.А

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешілердің шығармашылығында өсуі және ізденістер жайлы айтылды.Жалпы тәрбиешілердің ізденісі шығармашылық қабілеттері жақсы екендігіне соның ішінде атап айтар болсаң Мирзаева.А Қошқар .Л Тиллабаева.Г шығармашылық ізденістерге мол екендігін айтты. Шығармашылық ізденістер арқасында облыстық кәсіп одақ алғыс хаттар мен марапатталды.Балабақшада жүргізілген сан-салалы жұмыстар білім салсының өсуіне тағы да тәрбиешілердің шындалуына ықпалын тигізеді.Педагоктардың жаңа заман талабы бойынша сай жүргізу.Олардың білімдерін жоғарлауына балалармен жұмыс жүргізу барысында жаңа тәсілдер қолдануға мүмкіндік береді.

Қаулы


3.Топ тәрбиешілерінің шығармашылық ізденістерін одан әрі жалғастыру.

Балабақша меңгерушісі



Нысанова.Б.С

Хатшы:



Алимкулов.Е.Р

**ЖШС «Балапан» бөбекжай бала-бақшасының
Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттама №5**

17. 04. 2025 ж

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші
2. 8-наурыз ,22-наурыз ертеңгілігін талқылау туралы. Меңгеруші
3. «Қош бол ,балабақшам » мерекесінің бағдарламасын бекіту туралы.
4. «Бақылау және басшылық». «Заттық –пәндік дамыту ортасының сапасы қандай?» барлық топтар бойынша фронтальді тексеру қорытындысы туралы.
- 5 «7-мамыр –Отан қорғаушылар » және «9-мамыр –жеңіс күні» ертеңгіліктерінің сценарийлерін бекіту туралы.
6. Искер –ойын «Тәрбиеші және ситуация». Әдіскер

1.Тыңдалды . Балабақша меңгерушісі: Нысанова.Б.С сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдері туралы айтып өтті. 2025 –оқу жылында өтілетін наурыз мерекелерінің сценарийлері түзіліп, бекітілді . Ата-аналар жиналыстарының хаттамасын тәрбиешілер түзіп, әдіскер Мирзаева.А. тапсырды.

2.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі: Нысанова.Б.С сөз сөйледі. Ол өз сөзінде жақында балабақшада «8-наурыз –аналар мерекесі» болып өтті. Бірінші болып «Балдырған» кіші топ балалары сахнаға шықты. Тәрбиеші – . Балалар мерекелік киімдер киген . «Сенің анаң алтын » әніне биледі. Келесі сәтте жаттаған тақпақтарын айтты. Қыздар тобы өзбекше би биледі. Ұлдар тобы «Біздің ағай тамаша » әніне биледі. Қорыта келе тәрбиеші Қошқар.Л апайға жақсы дегенбаға беріледі.

Екінші болып «Балдәурен» ортаңғы тобының балалары өнерлерін көрсетті. Тәрбиеші- Барлық балалар мерекеге сай киінген. «Ана» туралы әнді хормен айтты. Қыздар

«Гүлдер » биін биледі. Балалар жаттаған тақпақтарын жақсы айтып шықты. Келесі сәтте

«Көбелектер » биін бір топ қыздар биледі. Ұлдар мен қыздар вальс биледі. «Әжемнің» шәйі әнін бәрі хормен орындады. Қорыта келе, тәрбиешілер Уткелбаева.Д,Джангирова.Г жақсы деген баға беріледі деді меңгеруші. Соңғы болып «Балбөбек» «Радуга» ересектер тобының бүлдірішіндері шықты.

Тәрбиеші- Барлық балалар мерекеге сай киінген. Хор жақсы орындады. «Біздің ағай тамаша » биіне ұл балалар жақсы биледі. «Көктем арулары» биін қыздар тобы жақсы биледі. Келесі сәтте балалар вальс биледі. «Менің анам алтын»әнін хормен жақсы айтып шықты. Балалар ата- аналарына арнап тақпақтарын өте жақсы айтып шықты. Қорыта келе тәрбиешілерге жақсы деген баға беріледі деді меңгеруші.

3.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі: Нысанова.Б.С сөз сөйледі. Ол өз сөзінде «Балбөбек» «Радуга» ересектер »тобында «Қош бол ,сүйікті балабақшам » атты ертеңгілік атап өтілуі керек. Оған тәрбиешілер сценарийлерін түзіп,ата-аналармен тығыз байланыс орнату қажет . Бітіруші балаларға балабақша тарапынан да сыйлықтар берілетін болады.

Және венетка жасату керек. Балабақшадағы апайлардың еселіеңбектерін ата-аналар мен балалар да әрдайым естен шығармай ,еске алып жүрсе дейміз.

Ертеңгілік концерттік бағдарлама ұйымдастырса деген тілегіміз бар .

Сондай ақ сый -сыяпат жасап шығарып саламыз деген жоспарымыз да бар.

Сөйлегендер: тәрбиешілер

-Құрметті әріптестер ,барлықтарыңызды балабақша түлектері күнімен құттықтаймын. Бұл біздің ортақ қуанышымыз,ортақ жеңісіміз бен мәуелі жемісіміз. Өйткен мәуелі ағашта өсіп әсем де сұлу жеміске айналған бұл біздің бүлдіршіндеріміз. Оларға жолдарыңыз ашық болсын ,биіктерге самғап ұша беріндер дей келе барлық қызметкерлер мен әріптестеріме зор денсаулық,қажымас қайрат,отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға творчестволық табыстар тілеймін.

4.Тыңдалды . Балабақша меңгерушісі:Нысанова.Б сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2025 жылдың 24 сәуір күні балабақшаның жылдық жоспарында бекітілген іс-шараны орындау мақсатында «Топтардағы заттық-пәндік дамыту ортасының сапасы қандай?» бақылау және басшылық бойынша фронтальды тексеру жүргізілді. Барлық топ тәрбиешілері 5 дағды бойынша заттық-. пәндік орта ның материалдық базасын жақсы деңгейде безендірген.

5.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі: Нысанова.Б сөз сөйледі. Ол өз сөзінде «7-мамыр – отанқорғаушылар күні мен 9-мамыр –Ұлы жеңіс күнін» мереке қарсаңында өтесіздер. Ол үшін қазірден балаларға тақпақтарды үйлеріне беріп жіберіп ,жаттатып,киімдерін тіктіре беру керек. «Балбөбек» «Радуга» ересек тобтары мен «Балдәурен» орта тобының бүлдіршіндері сценарий бойынша

дайындалсын. Ертеңгілік бағдарламасы мақсатқа сай болсын. Баланың есінде отан қорғаушылармен біздерге Ұлы жеңіс сыйлаған ата-апаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды және де оларды әрдайым жас ұрпаққа дәріптеп отыруымыз керек деді.

Сөйлегендер:

Тәрбиешілер: Бұл жеңіс жылда тойлана береді. Балаларды ұлтжанды, патриот болып өсулеріне өте қажетті мереке бұл.

5.Тыңдалды. Балабақшаның әдіскері: Мирзаева.А сөз алды, Ол тәрбиешілерге «Тәрбиеші жәнеситуация » тақырыбында іскер ойын ұйымдастырды.

Қаулы

1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2. 8-наурыз және Наурыз мерекелерін ұйымдастырған тәрбиешілерге жақсы деген баға берілісін.

3. «Қош бол сүйікті балабақшам » атты ертеңгіліктің сценарийі түзіліп,бекітілсін. Жауапты: тәрбиешілер

1. Бақылау және басшылықтың фронтальді тексеру нәтижесі бойынша барлық топтарға жақсыдеген баға берілсін.

2.«7-мамыр –отан қорғаушылар күні» және «9-мамыр – Ұлы жеңіс күні» ертеңгіліктерініңсценариилері түзіліп ,бекітілсін. Жауапты:
Тәрбиешілер:

2. Тәрбиешілермен іскер ойын ұйымдастырған әдіскер: Исатаева.Б жақсы деген баға берілсін.


Қаулы

Балабақша меңгерушісі:



Нысанова.Б.С

Хатшы:



Алимкулов.Е.Р

ЖШС «Балапан» бөбекжай бала-бақшасының
Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттама №6

14. 05. 2025 ж

Күн тәртібінде:

- 1.«Шығармашылық» дағдылары бойынша бағдарламалық материалдардың орындалуы.
- 2.Топтардағы ата-аналар жиналысының өткізілуі және жүргізілген жұмыс.Құжаттарды тапсыру қорытындысы.
- 3.Тәрбиешілердің өзгеріс шығармашылық өсу жайлы есебі.
- 4.Жазғы сауықтыру іс-шарасын жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша сөзді әдіскер: Мирзаева.А сөз алып коммуникативтік білім беру дағдысында байланыстырып сөйлеуді дамытуды мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік әрекетке жеке қабілеттерге дамыту. Мазмұнды диалог пен маналог құра білу іскерлігіне, тілдік шығармашылығын көрсетуге бағытталған жұмыстардың мазмұны мен міндеттері қорытындыланды.

«Коммуникативтік» дағды бойынша

-тіл дамыту

-көркем әдебиет

-сауат ашу және жазу кезеңдері

-орыс және басқа тіл барлық оқу іс-әрекетінде дұрыс қолдансын.

1.Тыңдалды

Ата-аналар жиналысын өткізу мен жұмыс құжаттарының қорытындысы жөнінде айтылды. Конференциялар ұйымдастыру.Тәрбиеші педагогтар жеке кеңесі балалардың ұйымда болуы ашық есік жеке тақырыптық кеңестер ата-аналармен өзара баласы жайында балабақша тыныс-тіршілігі туралы ақпараттармен құамтамасыз етуде.

2.Тыңдалды.

Тәрбиешілердің өзіндік өсуі жайлы айтты. Шығармашылық ізденістері жөнінде айтты.

3.Тыңдалды

Меңгеруші: Нысанова.Б.С алып жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен танысып барлық топ тәрбиешілеріне таныстырып, жаз

мезгілінде ойын түрінде өткізетіндігі жінетуылған күн кештерін ұйымдастырып, мерекелік іс-шаралардың өткізілу ретін айтты.

Қаулы


1. Коммуникативтік дағды бойынша бағдарламасына материалдардың орындалуы туралы берілген тапсырмалар орындалсын.
2. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар әрі қарай жасалынсын.
3. Тәрбиешілер шығармашылық ізденістігі жалғассын.
4. Жазғы сауықтыру шаралары бойынша бекітілген жоспар бойынша жүргізілсін.

Балабақша меңгерушісі:



Нысанова.Б.С

Хатшы:



Алимкулов.Е.Р

